

**«6D050400 - Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Саягул Кабылбековна Алимбекованың «Медиа тәуелділік: себептері мен салдарлары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс ғылым мен мемлекеттік бағдарламалардың білім беру, бұқаралық ақпарат күралдары, мәдениет және ақпарат салаларындағы басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының келесі мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес орындалған: - Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); - Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен бекітілген); - Қазақстан Республикасында 2023 - 2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 маусымдағы №93-VIII Қаулысы); - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025 - 2027 жылдарға арналған «Мәдениет және ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» бағдарламасы (2025 жылғы 10 қаңтар). - «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.

			- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы №832 қаулысы. - Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» атты ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	С.К. Алимбекованың ғылыми-зерттеу жұмысы медиакоммуникация, жаңа медиа және цифрлық медиа теориялары мен практикасын дамытуға орасан үлес қосады. Жаңа медиа құралдарының Қазақстанның медиа кеңістігіндегі дамуы мен қолданыс аясын зерделей отырып қазіргі цифрлық дәуірдегі медиа ресурстарының ықпалын терең түсінуге мүмкіндік береді. Цифрлық дәуірде медиа ресурстардың қоғамға әсерін, медиаға тәуелділіктің себептері мен салдарларын анықтап ғылыми айналымға енгізу ғылыми жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Медиа тәуелділік тұжырымына сай дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа салыстыра зерттеліп, медиа тұтыну мәдениеті аясында Қазақстан жастары мен АҚШ жастары арасында сауалнама жүргізіліп медиа тәуелділік ерекшеліктері мен деңгейін анықтап, медиа тәуелділіктің себептерін психологиялық, әлеуметтік және технологиялық факторлар негізінде зерттейді. Зерттеуде медиа тәуелділік тұжырымдамасы негізінде жаңа медиа ресурстарының қоғамға ықпалы әлеуметтану, журналистика және медиалингвистика, психология салаларын қоса қамтыған. «Медиа тәуелділік», «медиа

			гигиена», «ақпараттық диета», «ақпараттық инфаркт», «медиа экология», «цифрлық маска», «жеке бренд», «Google эффектiсi немесе дижитал амнезия», «инфлюенсер» ұғымдарына теориялық талдау жүргізіп, медиа ресурстарындағы көрінісі және қоғамдық пікірге ықпалы жан-жақты сараланған. Зерттеу нәтижелері теориялық тұжырымдарды дәйектей отырып, медиа тәуелділік теориясының отандық медиа кеңістіктегі бейнесін, медиа ресурстардың қоғамға ықпалын жаңа қырынан саралап, ғылыми айналымға жаңаша тұжырымдарды әкеліп отыр. Зерттеудің практикалық маңызы - оның нәтижелері Қазақстандағы журналистика, медиакommunikация және әлеуметтік ғылымдар саласында кадрларды дайындауға және медиа білім беру мен сыни ойлау, ақпараттық сауаттылық, цифрлық этика стандарттарын қалыптастыруда ғылыми негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыста автордың өзі жазу принципі сақталған, авторлық жазу деңгейі жоғары. Жұмыстың мәтінінде авторлық көзқарас бар. Зерттеушінің ғылыми әдебиеттерге сыни тұрғыдан сараптама жасағаны аңғарылады. Ғылыми ізденістегі жоғары дербестік деңгейі мына детальдармен айғақталады: қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми еңбектерге кешенді шолу жасалған, медиа тәуелділік теориясы негізінде жаңа медиа ресурстарының ерекшеліктеріне эмпирикалық зерттеу жүргізілген, алынған деректерге сандық, сапалық талдау жасалған. Алынған нәтижелерді автор өз тұжырымдарымен орынды сипаттайды. Сонымен қатар, диссертант ғылыми жұмысының тақырыбы аясында халықаралық және отандық ғылыми басылымдарда жеткілікті мақалалар жариялаған. Атап өтер болсақ, зерттеу нәтижелері бойынша жарық көрген авторлық 13 ғылыми мақала бұл жұмыстың ғылыми маңыздылығын,
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	

			және автордың зерттеу тақырыбын сауатты меңгергенін дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеудің өзектілігі негізделген. Біріншіден, ол Қазақстандағы мемлекеттік бағдарламалардың білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениет және ақпарат салаларындағы басым бағыттарымен үндес келеді. Екіншіден, жаһандық цифрлық сын-қатерлерге сәйкес, жаңа медиа тәуелділікті талдау және олардың медиа кеңістіктегі көрінісін зерттеу азаматтық журналистиканың оң бағытта қалыптасуына және «Халық үнін естуші мемлекет» тұжырымдамасына ықпал етеді. Үшіншіден, ғылыми жұмыс қазақстандық және америкалық жастардың медиа тұтыну мәдениетін, медиа тәуелділік себептері мен салдарын алғаш рет жүйелі түрде қарастыра отырып, медиа, коммуникация саласына жаңа әдіснамалық және практикалық бағдар береді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл диссертациялық зерттеу медиа тәуелділіктің себептері мен салдарын жаңаша пайымдай отырып, олардың қоғамдық санаға әсер ету әлеуетін анықтайды. Зерттеу нәтижелері медиа ресурстарының жауапкершілігін арттырып, медиа тәуелділіктің алдын алу мен ақпараттық сауаттылықты арттыруда маңызды құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін. Цифрлық дәуірдегі медиатұтыну мәдениеті мен аудитория сұранысының өзгеруі, дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа арасындағы алшақтық тұтынушылардың жалпы болмысына елеулі ықпал етіп отыр. Осы тұрғыда, цифрлық дәуір зерттеушілері мен медиа ресурстардың авторлары жаңа медианың басымдықтары мен талаптарын ескеретін сапалы контент жасау және қоғамда медиа гигиенаны қалыптастырып, ақпараттық детокс орнатуға ықпал ету қажеттігі сезіледі.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді және медиа тәуелділік теориясының медиада көрініс табуына қатысты барлық негізгі тұжырымдар қамтылған. Ғылыми жұмыста медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларының қоғам дамуы мен мемлекеттік цифрлық ландшафтың қалыптасуындағы ықпалды рөлі айқындалып, медианың әсері мен цифрлық үндестіктің қоғамдық санаға әсері көрсетілген. Бірінші бөлімде медиа тәуелділікті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылып, олардың мәні, құрылымы мен функциялары талданған. Медиа тәуелділік ұғымының дамуы мен қазақстандық медиа контексіндегі Uses and Gratifications, Technological Determinism, New Media Dependency теорияларына талдау жасалған. Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медианы қолданудағы басты айырмашылықтар көрсетіліп, әлеуметтік желідегі медиа тәуелділік ерекшеліктері анықталады. Екінші бөлімде Қазақстандағы медиа тәуелділік себептері мен салдарларын анықтау барысында отандық медиа тұтыну мәдениеті мен жастардың медиа әдеттеріне баса назар аударылып, медиа тәуелділіктің әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық салдары көрсетілген. Отандық онлайн медиалар мен Telegram-арналар материалдарына, Instagram желілік басылымының ақпараттарына контент-талдау жүргізілген. Қоғамның медиа тәуелділік көрсеткішін ұлғайтатын медиа контенттер топтамасы ұсынылған. «2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ оқиғасы», «COVID-19» пандемиясы мысалында медиа тәуелділіктің көрінісі ұсынылады. Қоғамда әлеуметтік желілер арқылы резонанс тудырған үрдістерге медиа тәуелділік тұжырымы негізінде сипаттама береді. Сонымен қатар қоғамдағы ақпараттық манипуляция мен медиа контент
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

			ықпалы сипатталған. Үшінші бөлімде эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған: халықаралық тәжірибелерден нақты мысалдар беріліп, АҚШ-тағы және әлемнің басқа да елдеріндегі медиа тұтыну мәдениетіне сараптама жасалған. Әлем елдері бойынша медиа тәуелділіктің алдын алудағы стратегиялар мен ақпараттық сауаттылықты дамытудағы мемлекеттік саясат мысалында медиа тәуелділікпен күрес жолында өз тұжырымдарымен бөліседі. Қазақстан мен АҚШ студенттері арасында медиа тұтыну ерекшеліктері тақырыбында жасалған сауалнама зерттеуінің нәтижелері, салыстырмалы талдауы ұсынылған. Бұл авторға екі ел жастарына тән медиа тәуелділік сипаттамасын жасауға, медиа тәуелділіктің деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Қорытынды бөлімде зерттеу барысында алынған тұжырымдар логикалық тұрғыдан негізделген, ғылыми жұмыстың өзектілігі мен ғылыми маңыздылығын дәлелдей білген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстан қоғамының медиа тәуелділік себептері мен салдарын анықтап, баға беру. Салдарымен күрес жолында ғылыми тұжырымдар бөлісу. Бұл кезеңде медиа тәуелділікке ықпал ететін негізгі факторлар, медиа тұтынушылардың дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстарды және медиа контенттерді тұтыну мәдениеті, медиа әдеттер басты назарда болады. Міндеттердің барлығы қойылған мақсатпен тығыз байланысты және зерттеу мақсатын жүзеге асыруға, яғни қазақстандық медиа кеңістікте медиа тәуелділіктің репрезентациясын кәсіби, этикалық және әдістемелік тұрғыдан зерделеуге бағытталған.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымы жүйелі құрылып, логикалық жағынан да толық байланысып, барлық құрылымдық бөлімдер арасында
		1) толық байланысқан;	

		2) ішінара байланысқан;	ішкі біртұтастық пен қисынды сабақтастық сақталған. Бұл зерттеуде алға қойылған мақсат пен міндеттердің нақты тұжырымдалуына, гипотезаның дұрыс құрылуына және алынған нәтижелер мен қорытындылардың негізделуіне ықпал еткен. Жұмыстың ғылыми нәтижелері бір-бірімен қабыса байланысады. Зерттеудің әр бөлімі келесі тарауға логикалық түрде жалғасып, медиа тәуелділіктің қазақстандық және әлемдік медиа кеңістікте, соның ішінде дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа реурстарда, әлеуметтік желілерде көрініс алуын біртіндеп ашады. Автор ұсынған тұжырымдар мен нәтижелер құрылым ішіндегі өзара байланыс арқылы бекітілген, бұл диссертацияны толыққанды аяқталған ғылыми еңбек деп санауға болады.
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста ұсынылған жаңа әдістемелік шешімдер мен жаңа тәсілдер, ғылыми-теориялық тұжырымдар ғылыми айналымдағы мәліметтерге сәйкес салыстырмалы, талдамалы зерттеулерге ұласып, дәлелді, дейекті түрде негіз алған. Зерттеуші өз тарапынан ғылыми тұжырымдар жасап, сыни талдаулар бере алған. Диссертант медиа тәуелділіктің, әсіресе жаңа медиа ресурстарындағы және әлеуметтік платформалардағы көрінісін сыни тұрғыда саралап, олардың медиа кеңістіктегі рөліне, қоғамдық пікірді қалыптастыру ықпалына сипаттама жасаған. Автор аталған ғылыми жұмысқа дейін шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан ұсынылған теориялар мен тұжырымдарға сыни-талдаулар жасайды. Зерттеу барысында жүргізілген Қазақстан мен АҚШ жастары арасындағы салыстырмалы талдау авторға екі ел арасындағы медиа тұтыну деңгейі мен сипаты бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтарды кешенді түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Медиа тәуелділікті жеңудің жолдары ғылыми-
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

			тұжырымдар негізінде көрсетіліп, медиасауаттылық ұғымын қалыптастыру, медиа тұтыну мәдениетін дамыту қажеттілігін ғылыми тұжырымдармен дәлелдейді. Бұл өз кезегінде, медиа тәуелділікпен күрес, ақпараттық сауаттылықты дамыту, қоғамның сыни ойлау қабілетін арттыру, медиа иммунитетті нығайтуға бағыт-бағдар береді. Автор ұсынған әдіснамалық тәсіл цифрлық дәуірдегі медиа тәуелділікті зерттеудің жаңа деңгейіне шығарып, алдағы уақытта терең әрі жүйелі зерттеулер жүргізіп, жалғастыруды ғылымның күн тәртібіне шығарып отыр.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	С.К. Алимбекованың диссертациялық жұмысына жүргізілген талдау нәтижелері оның негізгі ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері толық жаңа немесе жартылай жаңа сипатқа ие екенін көрсетеді: 1-нәтиже. Автор медиа тәуелділік теориясына анықтама ұсынды. Нәтиже жартылай жаңа, себебі ғылыми айналыстағы анықтамалар негізінде автор жаңаша талдаулар ұсынады. 2-нәтиже. Медиа тәуелділік теориясы аясында желілік басылымдарға, онлайн медиа контенттерге талдау жасалып, аудитория сенімділігінің деңгейі, медиа этикаға сәйкестігі бойынша құрылымдық талдау жүргізілді. Нәтиже толық жаңа, себебі бұған дейін отандық медианы кейс ретінде қарастырып мұндай кешенді сараптама жүргізілмеген. 3-нәтиже. Әлеуметтік желілер арқылы ақпарат таратудың медиа тәуелділікке ықпалы зерттелді. Нәтиже толық жаңа, ғылыми және практикалық маңызы бар. 4-нәтиже. Медиа кеңістіктегі инфлюенсерлердің ықпалы мен рөлі сипатталды. Нәтиже толық жаңа, себебі жаңа медиа кеңістіктегі ақпарат таратудағы инфлюенсерлердің ықпалы алғаш рет осы диссертацияда кешенді зерттелді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			5-нәтиже. Контент-талдаулар негізінде қоғамдық резонанс тудырған ақпараттардың медиа тәуелділікке итермелейтінін, сәйкесінше медиа тәуелділік қоғамдық резонанс тудыруға ықпалы сипатталды. Нәтиже толық жаңа, ғылыми-практикалық үлес қосады, ғылыми жәлелдер бар. 6-нәтиже. Қазақстанда медиа тәуелділік көрсеткіші нақты тақырыптық, арнайы бағыттар бойынша зерделеніп: көңіл көтеру, ойын сауық, шоу-бизнес тақырыптары, музыкалық трендтер мен челенджер тұтынушыларды медиа тәуелділікке әкелетіні анықталды. Нәтиже толық жаңа, себебі цифрлық медиадағы контенттік талдау медиа тәуелділік тұжырымдамасы негізінде алғаш рет осы диссертацияда зерттелді. 7– нәтиже. Қазақстан және АҚШ жастары арасындағы медиа тәуелділік көрсеткіштерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізіліп, салыстырмалы талдау жасалды, ерекшеліктері мен байланысы анықталды. Жасалған сауалнама ғылыми нәтижелер алуға көмегін тигізген. Нәтиже толық жаңа, себебі бұған дейінгі зерттеулерде Қазақстан және АҚШ студенттері арасында салыстырмалы зерттеулер жүргізілген жоқ. 8-нәтиже. Отандық және шетелдік медиа кеңістіктегі медиа тәуелділікпен күрес ерекшеліктері мен алдын алуға қолданылатын тәсілдер сараланып, қоғамның медиа тұтыну деңгейі анықталды. Нәтиже толық жаңа, себебі отандық медиа кеңістікте бұған дейін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына сай, ақпараттық қоғамды дамыту шаралары қарастырылғанымен, оның салдары назарға алынбады. Автор медиа тәуелділікпен күрес жолдарын ұсынып, медиа сауаттылықты дамыту, сыни ойлау қажеттілігін назарға ұсынады. Бұл ұсыныстардың ғылыми маңызы зор. Зерттеу жұмысының ғылыми
--	--	--	--

			нәтижелері мен қағидаттарының деңгейін журналистика мамандығы бойынша тұңғыш рет зерттеліп отырғандығымен бағаланады 9-нәтиже. Медиа тәуелділіктің себептері мен салдарлары анықталып, медиа тәуелділікке әсер ететін факторлар жүйеленген. Әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық салдары көрсетілген. Нәтиже ішінара жаңа, себебі қолданыстағы анықтамалар терең сараланып, жаңаша талдаулар ұсынылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары жаңашыл сипатқа ие. Тараулардың әрбір қорытындысында жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдаулар орын алады. Ғылыми жаңалық ретінде медиа тәуелділікке ықпал ететін негізгі факторлар, медиа тұтынушылардың дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстарды және медиа контенттерді қолдану ерекшеліктері, медиа тәуелділіктің қоғамға және адам болмысына әсері нақты мысалдар арқылы сараланып, тұжырымдар жасалды. Сонымен қатар, зерттеу барысында отандық медиа ресурстарындағы медиа тәуелділік ерекшеліктері шетелдік медиа кеңістікпен салыстырыла отырып жан-жақты теориялық және практикалық тұрғыдан талданды. Қазақстан мен АҚШ жастарының медиа қолдану деңгейі алғаш рет салыстырыла отырып, кешенді түрде ғылыми деңгейде қарастырылды. Автор ұсынған тұжырымдар мен әдістемелер қазіргі медиатрендерді түсінуге және медиа тәуелділіктің алдын алу және медиа сауаттылықты дамыту мен ақпараттық гигиенаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмысты қоғамдағы медиатәуелділікті зерттеуге арналған ізашар жаңалығы бар зерттеу ретінде бағалауға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясындағы өзектілігімен және маңыздылығымен анықталады. Зерттеуде ұсынылған шешімдер – медиа тәуелділіктің алдын алу, ақпарат сауаттылықты дамыту, медиа білім беру, ақпараттық гигиена мен ақпараттық диета ұстану, медиа контенттерді сапалық дамыту, мазмұн ұсынудағы этикалық ұстанымдар мен журналистік әдістер – қазіргі цифрлық медианың трансформациясына сай келетін, тың, әрі теориялық және практикалық жағынан негізделген ұсыныстар. Автор ұсынған тәсілдер медиа тәуелділіктің алдын алуға, медиа контенттерді кәсіби тұрғыда жариялауға және медиа ресурстардың сенімділігін арттыруға негіз болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста алынған барлық негізгі қорытындылар ғылыми негізделген және нақты дәлелдермен ұсынылады. Автор жан-жақты ғылыми-теориялық талдаулар жасап, нақты деректерді қолданып, ғылыми жаңашыл сипатта қорытынды жасайды. Зерттеу барысында ғылыми еңбектерді, нақты дереккөздерді, отандық және шетелдік зерттеулерді, сараптамалар мен медиа контенттерді, сондай-ақ Қазақстан мен АҚШ студенттері арасында жүргізілген салыстырмалы зерттеулер мен сауалнамалар нәтижелерін негізге алады. Сонымен қатар, сапалық зерттеу әдістері (контент-талдау, дискурстық талдау, сұхбат әдісі) қолданылып, алынған мәліметтер кеңінен зерделенген. Бұл ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми тұрғыда дәлелді әрі практикалық мазмұны зор бағалауға лайық.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі 4 ереже нақты дәлелденді. 1-тұжырым:
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	

		2) шамамен дәлелденді;	Зерттеу нәтижелері жас буын арасында сыни ойлау мен ақпараттық талғамды арттырудың қажеттілігін дәлелдеді. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген 2-тұжырым: Қазақстан жастары арасында медиа сауаттылық пен ақпараттық гигиена мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселе. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген 3-тұжырым: Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстардың контенттеріне мазмұндық жетілдіру қажеттілігі бар. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген 4-тұжырым: Медиа тәуелділіктің алдын алу медиа ресурстарының контентке жауапкершілікпен, сыни ойлау және этикалық тұрғысынан келсе ғана мүмкін болады. 7.1 Дәлелденді 7.2 Тривиалды емес 7.3 Жаңа 7.4 Қолдану деңгейі кең 7.5 Мақалада дәлелденген
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу әдіснамасы жан-жақты сипатталған, оған медиаконтенттерді сапалық талдау кезеңдері,

	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	қазақстандық медиа ресурстар өнімдеріне контент-талдау, Қазақстан мен АҚШ студенттері арасында салыстырмалы талдау жасау мен сауалнама жүргізуді қарастырамыз. Зерттеуші ғылыми жұмыс тақырыбының ерекшелігіне сай бұл әдістерді таңдаудың негізділігін байқатады – медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларын зерттеу тек медиаконтенттерді сапалық талдаумен шектелмей, аудиторияның медиа тұтыну ерекшеліктерін, психологиялық, әлеуметтік, физиологиялық факторларды анықтау және Қазақстан мен АҚШ студенттерінің медианы қолдану ерекшеліктерін ескеру қажеттігін көрсетеді. Зерттеудің теориялық негізін медиа, коммуникация, әлеуметтану және психология салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, соның ішінде М. Дефлер, кейін Д.Кэри, Э. Ноэль-Нойман, М.Маклюэн, Н. Постман, Л.Уилсон идеялары құрайды. Бұл таңдалған әдістің ғылыми негізділігін айғақтайды.
		2) жоқ.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:		Зерттеудің әдіснамалық және теориялық мазмұнын Қазақстанның және алыс-жақын шетел ғалымдарының ғылыми-теориялық еңбектері, Қазақстандағы медиа ресурстардың, шетелдік медианың контенті және онлайн платформаларда, әлеуметтік желілерде таралған ақпараттар құрайды. Медиа контенттерге сапалық және сандық контент-талдау жасалған, медиа ресурстар көрінісіндегі медиа тәуелділік тұжырымдары пайдаланылды. Сонымен қатар, Қазақстан және АҚШ студенттері арасында жүргізілген сауалнамалар нәтижелері арқылы жүйеленді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу барысында медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларының медиа кеңістіктегі репрезентациясына байланысты бірқатар маңызды теориялық тұжырымдар жасалды. Автор медиа тәуелділік және ақпараттық сауаттылық, ақпараттық гигиена, цифрлық маска теориялары негізінде медиа контентті талдаудың үлгілерін ұсынды, медиа тәуелділік себептері мен салдарлары интерпретациясына әсер ететін факторлар мен сыни ойлау мен ақпараттық талғамды арттырудың қажеттілігін, медиа сауаттылық пен ақпараттық гигиена мәдениетін қалыптастыру өзектілігі, дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа ресурстардың контенттеріне мазмұндық жетілдіру қажеттілігі бар, медиа тәуелділіктің алдын алу медиа ресурстарының контентке жауапкершілікті саясаты ішкі және сыртқы ықпалдарды қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде медиа ресурстардағы медиа тәуелділік себептері мен салдарларын репрезентациялау модельдерінің типологиясы ұсынылып, дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа және онлайн платформалардың ерекшеліктері мен басымдықтары сипатталды. Медиа тәуелділіктің физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік салдарлары анықталды. Бұл зерттеу қорытындылары ғылыми мақалаларда жарық көріп, диссертация авторының журналистерге арналған нұсқаулығында көрініс алған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу жұмысының маңызды теориялық тұжырымдары толық көлемде дәлелденген, себебі докторант өзекті әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге: монографиялар, ғылыми мақалалар, диссертациялық жұмыстарға сүйенеді. Барлық дереккөздер сілтемелермен нақты көрсетілген, дәйексөздер нақты және орынды қолданылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер қоры мол. Қолданылған ғылыми еңбектер тізімі зерттеліп отырған тақырып бойынша толыққанды әдеби шолу жасау үшін

			жеткілікті. Диссертация авторы тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне аналитикалық және сыни шолу жүргізген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеудің теориялық маңызы бар. Қазіргі заманғы медиа тәуелділік себептері мен салдарларының репрезентациясын зерттеу арқылы медиа білім беру, ақпараттық сауаттылық, ақпараттық гигиена, ақпараттық диета және цифрлық маска теорияларын одан әрі дамытуда көрініс табады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы қазіргі медиажурналистика мен коммуникация, медициналық журналистика, интернет журналистика салаларындағы кәсіби тәжірибеге нақты үлес қосумен ерекшеленеді. Қазақстандық және шетелдік жастардың медиа қолдану ерекшеліктерін анықтауда жүргізілген сауалнама медиа тәуелділіктің себептері мен салдарларын анықтауға, жаңа тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақстандық және шетелдік медианың салыстырмалы талдауына сүйенген тәсілдер отандық журналистика ғылымын жаңа мәліметтермен толықтырады. Зерттеу нәтижелерінің журналистика факультеттерінде оқытылатын пәндер мазмұнын жаңғыртуға, қоғамда медиа білім беру, ақпараттық сауаттылық пен сыни ойлау және медиа сауаттылық деңгейін жақсартуға сонымен қатар, медиа саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды дамытуға қолданылу мүмкіндігі зор.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) ия;	
		2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы зор. Алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары, өйткені бұл жұмыс журналистика, коммуникация, масс-медиа, интернет журналистика, психология, әлеуметтану салаларындағы оқу курстарына қолдануға болатын маңызды ресурс ретінде ұсынылады. Бұл зерттеудің білім беру үдерісінде медиа білім беру,

			ақпараттық сауаттылықты арттыру, сыни ойлауды дамытуға үлес қосып, әдістемелік семинарлар барысында, арнайы курстар әзірлеу кезінде, медиа сауаттылық бағдарламаларында, сондай-ақ журналистік практикада тқолданылу әлеуеті жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және өзектілігі жоғары, бұл олардың журналистика және масс-медиа, коммуникация, психология, әлеуметтану салаларында практикалық қолдануға маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу барысында әзірленген журналистерге арналған нұсқаулықты оқу курстарында, семинарлар мен ақпараттық сауаттылықты арттыру бағдарламаларында пайдалануға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның жазу және ресімдеу сапасы ғылыми стильге негізделген. Онда нақты деректер мен мәліметтер ғылыми стильде талданған. Нақты ғылыми тұжырымдар жасалып, зерттеу талапқа сай орындалған. Мәтіннің логикалық тұрғыда құрылымы жоғары, дәлелдермен негізделген аргументтер бар, зерттеушінің ойлары айқын және дәйекті түрде баяндалған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Жаһандану дәуіріндегі сын-қатерлер мен медиа трендтерді сипаттап, қоғамның ақпараттық сауаттылығын арттыру, медиа гигиенаны дамыту бағытында бұл ғылыми жұмыстың маңызы зор. Осыны ескере отырып, жұмыс диссертация күйінде ғана қалмай, алдағы уақытта ізденуші зерттеуін жалғастырып монография және оқу құралын дайындап шығаруды қолға алса деген ескертпе ұсыныс білдіремін.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеудің негізгі қорытындылары мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардың жинақтарында, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда - 4, халықаралық конференцияларда - 8, Scopus ғылыми журналдардың халықаралық базасына енгізілген шетелдік басылымда - 1 мақаласы жарияланып, талқыланды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Алимбекова Саягул Кабылбековнаның «Медиа тәуелділік: себептері мен салдарлары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті, тың мәселелерді көтеріп, ғылыми негізде жүйелі түрде талдаған сапалы ғылыми жұмыс деп есептеймін. Жұмыста теориялық және практикалық тұжырымдар сауатты берілген. Зерттеу жұмысының мазмұны, ғылыми жаңалығы мен тұжырымдары диссертациялық зерттеу талаптары үдесінен шыққан. Автор зерттеу мақсатына жеткен, міндеттері жүзеге асқан. Ғылыми жаңалығы мен мазмұны зерттеу талаптарына толық сәйкес келеді. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың мазмұны толығымен философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Филология факультеті
Журналистика кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы



Асанов Камашке Даулетканович